Конкурстық құжаттамаға
14-қосымша

Сатып алынатын құрылысқа байланысты емес жұмыстардың техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырылады)

Тапсырыс берушінің атауы	«Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы	"Орал қаласының мемлекеттік сатып алу бөлімі" мемлекеттік мекемесі
Лоттың №	88520763
Лоттың атауы	Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық зерттеу бойынша жұмыстар
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	712019.000.000004
Жұмыстың атауы:	Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық зерттеу бойынша жұмыстар
Өлшем бірлігі:	Жұмыс
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	15288256.9
Қосылған құн салығын қоспағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	15288256.9
Жұмыстарды орындау мерзімі:	Қазынашылық органдарда келісім шарт тіркелген күннен 4 ай ішінде
Жұмыстарды орындау орны:	Батыс Қазақстан облысы, Орал қ.
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	24

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	Жұмыстар автожол көпір құрылыстары мен жолөткелдерге қатысты орындалуға тиіс және құрылыстың, оның жекелеген конструкциялары мен элементтерінің нақты техникалық жай-күйін, сондай-ақ жүк көтергіштігін, қауіпсіздігін, ұзақ мерзімділігін және жөндеуге жарамдылығын анықтау үшін қажетті далалық, камералдық, есептік-конструкторлық және талдамалық жұмыстардың толық кешенін қамтуға тиіс. 1. Жұмыстардың талап етілетін сипаттамалары 1. Жұмыстар мынадай жұмыс түрлерін қамтуға тиіс: • далалық жұмыстардың басталғаны туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуді қоса алғанда, дайындық жұмыстары; • құрылыстың, оның конструкциялары мен элементтерінің геометриялық параметрлерін, сондай-ақ іргелес кіреберістердің, жер төсемінің және қиып өтетін кедергілердің параметрлерін анықтай отырып, өлшем алу жұмыстары; • құрылыстың бастапқы және соңғы нүктелерінің географиялық координаттарын, биіктік белгілерін, конструкция элементтерінің, іргелес кіреберістердің, жер төсемінің және іргелес аумақтың өзара орналасуын анықтауды қоса алғанда, конструкциялардың кеңістіктегі орнын геодезиялық және аспаптық өлшеу; • ақауларды, зақымдануларды және пайдалану сенімділігінің төмендеуінің өзге де белгілерін анықтай отырып, құрылыстың қолжетімді конструкцияларын көзбен шолып зерттеп-қарау; • бетонның, металдың және өзге де материалдардың беріктігін, жарықшақтардың параметрлерін, коррозиялық зақымдануларды және қималардың әлсіреуін қоса алғанда, материалдар мен конструкциялық элементтердің нақты сипаттамаларын анықтай отырып, конструкцияларды аспаптық зерттеп-қарау; • техникалық, жобалық, атқарушылық құжаттаманы және бұрын орындалған зерттеп-қарау материалдарын зерделеу, талдау және есепке алу; • графикалық схемаларды, ақаулар тізімдемелерін, фотофиксацияны және геодезиялық өлшеу нәтижелерін дайындай отырып, зерттеп-қарау нәтижелерін өңдеу; • нақты өлшемдерді анықтау және ақауларды табу үшін әуеден лазерлік сканерлеуді қолдана отырып, кеңістіктік байланысы мен байланысты атрибуттары сақталған LAS форматындағы (нүктелер бұлты) және үшөлшемді модельдің ашық форматындағы құрылыстардың кеңістіктік байланыстырылған үшөлшемді (3D) модельдерін жасау; • құрылыстың жүк көтергіштігін анықтауды қоса алғанда, есептік-конструкторлық жұмыстарды орындау; • тұжырымдар мен ұсынымдар дайындай отырып, құрылыстың техникалық жай-күйін бағалау. 2. Зерттеп-қарау және сынау ҚР СТ 1856-2019 «Автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстары және су өткізу құбырлары. Зерттеп-қарауға және сынауға қойылатын талаптар» стандартының қолданылатын талаптарына сәйкес орындалады. Техникалық жай-күйдің жалпы бағасы, жүк көтергіштік, қауіпсіздік, ұзақ мерзімділік және жөндеуге жарамдылық көрсеткіштері ВСП 7.2-002-2024 «Автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстарының көліктік-пайдалану жай-күйін бағалау әдістемесін» зерттелетін объектілерге қолданылатын және міндетті талаптарға қайшы келмейтін бөлігінде қолдана отырып анықталады. Сенімділік пен орнықтылықты техникалық зерттеп-қарау Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің

	2026 жылғы 29 мамырдағы № 263 бұйрығымен бекітілген Қағидаларды сақтай отырып орындалады. 3. Барлық негізгі көтергіш конструкциялар олардың жай-күйін дұрыс бағалау үшін қажетті көлемде зерттеп-қарауға жатады. Элементті есептік тексерулерден алып тастауға оның анықталатын жүктемені өткізу жағдайларына әсер етпейтіні негізделгенде ғана жол беріледі; мұндай алып тастау элементті зерттеп-қараудан бас тартуды білдірмейді. 4. Есептеулерді орындау кезінде жүк көтергіштікке және жүктемені өткізу жағдайларына әсер ететін параметрлер бойынша айырмашылықтар болмаған жағдайда, бір типті көтергіш конструкциялар мен элементтерді топтың бір өкілін таңдай отырып, есептік топтарға біріктіруге жол беріледі. Бір типті конструкциялар мен элементтер бойынша есептік деректерді қайталауға жол берілмейді. 5. Есептік модель анықталған ақаулар мен қималардың әлсіреуін ескере отырып, зерттеп-қараумен белгіленген геометриялық параметрлер, конструкциялық схема, материалдар сипаттамалары және тірелу жағдайлары бойынша қалыптастырылады. Бастапқы деректердің көздері, есептік жорамалдар мен шектеулер түсіндірме жазбада көрсетіледі. Көтергіш қабілетті анықтайтын параметрлер қолданылатын әдістемеге сәйкес тікелей өлшеулермен және сынақтармен расталады; шолулық цифрлық модельдің дәлдігі мұндай өлшеулердің дәлдігін алмастырмайды. 2. Жүктемені өткізу жағдайларын есептеу бойынша талап етілетін параметрлер мен нәтижелер 1. Кез келген жүктемені өткізу жағдайларын есептеуге арналған мәліметтер құрылыстың барлық негізгі көтергіш конструкциялары үшін олардың техникалық жай-күйі мен жобалық жүктемелеріне қарамастан дайындалуға тиіс. 2. Зерттеп-қарау және есептік талдау нәтижелері бойынша Орындаушы әрбір конструкция үшін қажетті тексеру нүктелерінің саны мен құрамын негіздеуге тиіс. 3. Әрбір тексеру нүктесі үшін мыналар анықталып, түсіндірме жазбада көрсетілуге тиіс: • элементтің типі және есептік тексерудің түрі; • есепке алынатын әсердің ықпал беті немесе беттері; • өту шекараларының орнын ықпал бетін құру жазықтығының шекараларына байланыстыру; • динамикалық коэффициентті анықтауға арналған λ мәні; • уақытша эталондық жүктеме бойынша сенімділік коэффициентін анықтауға арналған λ мәні; • шартты көтергіш қабілетті анықтау қажет болған жағдайда жобалық жүктемелер; • көтергіш қабілеттің шекті мәні; • тұрақты жүктемеден болатын есептік әсерлер; • жаяу жүргіншілер жүктемесінен болатын есептік әсерлер; • өзге жүктемелер болған жағдайда, олардан болатын есептік әсерлер. 4. Арқалықты темірбетон және металл аралық құрылыстар үшін деректер көлденең симметрияны ескере отырып, әрбір басты арқалық бойынша, әдетте, ең аз қажетті есептік қималарды қоса отырып қалыптастырылуға тиіс: • есептік аралықтың ортасында; • тірек маңындағы қималарда; • арқалық қимасы өзгеретін жерлерде; • көтергіш қабілетке әсер ететін өзге де әлсіреген немесе ақаулы аймақтарда. 5. Жергілікті жүктемені қабылдайтын жүру бөлігі элементтері үшін деректер элементтердің барлық типтері бойынша, ең көп жүктелген қималарда және бекіту

	тораптарында тексеру нүктелерін белгілей отырып қалыптастырылуға тиіс. 6. Бір типті тіректер үшін әсерлерді салыстыру арқылы тексеру міндетті тексеру нүктесі болып табылады. Көтергіш қабілетке әсер ететін ақаулар немесе зақымданулар болған жағдайда тіректердің жекелеген элементтері жеке есептеуге жатады. 3. Жүк көтергіштікті есептеу бойынша талап етілетін параметрлер мен нәтижелер 1. Жүк көтергіштікті есептеу «Өткізу жағдайларын есептеуге арналған деректер» түсіндірме жазбасында келтірілген әрбір тексеру нүктесі үшін орындалуға тиіс. 2. Есептеу нәтижелері бойынша мыналар анықталуға тиіс: • АК және НК эталондық жүктемелерінің рұқсат етілетін кластарының шамалары; • эталондық үш осьті жүк автомобилінің рұқсат етілетін массасы; • есептік схема бойынша анықтау талап етілсе, шартты көтергіш қабілет; • ағындағы әсер коэффициентінің есептік мәні; • әрбір аралық құрылыс, тірек және тұтастай құрылыс бойынша жиынтық нәтижелер. 3. Жергілікті жүктемеге есептелетін жүру бөлігінің темірбетон тақтасы элементтері үшін уақытша эталондық жүктеме көпір төсемі жамылғысының қалыңдығын және жамылғы қабатында қысымның 45 градус бұрышпен таралуын ескере отырып, ықпал бетін дөңгелек іздерімен жүктеу арқылы анықталуға тиіс. 4. Жүктеме бойынша сенімділік коэффициенттері белгіленген талаптарға және есептеудің бастапқы параметрлеріне сәйкес қабылдануға тиіс, оның ішінде: • АК жүктемесінің арбашасы және ЭНз эталондық жүктемесі үшін — λ = 0 кезінде γ_fT = 1,50 және λ ≥ 30 м кезінде γ_fT = 1,20; • λ аралық мәндері үшін — интерполяция бойынша; • АК жүктемесінің біркелкі таралған бөлігі үшін — γ_fv = 1,20. 4. Түсіндірме жазбаға және есептік материалдарға қойылатын талаптар 1. Жүк көтергіштікті есептеу нәтижелері бойынша түсіндірме жазба мыналарды қамтуға тиіс: • жалпы мәліметтер; • есепке алынатын әрбір аралық құрылыс пен тірек бойынша конструкциялардың жүк көтергіштігін жеке есептеу; • жүк көтергіштікті есептеудің жиынтық нәтижелері; • ағындағы әсер коэффициентінің есептік мәні. 2. Түсіндірме жазбада мыналар қамтылуға тиіс: • қабылданған есептік схемалардың негіздемесі; • қабылданған тексеру нүктелерінің сипаттамасы; • бастапқы деректердің тізбесі және талдауы; • есептік параметрлер кестелері; • графикалық материалдар, схемалар және ықпал беттері; • жүк көтергіштік және жүктемені өткізу жағдайлары туралы тұжырымдар; • құрылыстың техникалық жай-күйі туралы тұжырымдар; • пайдалану, қозғалысты шектеу, жөндеу, күшейту немесе қажет болған жағдайда реконструкциялау жөніндегі ұсынымдар. 3. Зерттеп-қарау және есептеу нәтижелері мәтіндік, кестелік, графикалық және цифрлық түрде ұсынылуға тиіс. 3D-модельдер материалдары Тапсырыс берушіге кеңістіктік байланысы мен байланысты атрибуттары сақталған LAS форматында (нүктелер бұлты) және үшөлшемді модельдің ашық форматында берілуге тиіс. 5. Өзге бастапқы деректер 1. Орал қаласының төрт көпір құрылысы зерттеп-қарауға жатады: – Сырым Датов көшесіндегі автопарк маңындағы көпір. – Айналма тасжол маңындағы Деркөл көпірі. – Абай даңғылындағы «Екінші

	база» көпірі. – Жәңгір хан көшесіндегі «Динамо» базасы маңындағы көпір. Тапсырыс беруші қолда бар архивтік материалдарды болған жағдайда ұсынады: • құрылыстардың техникалық паспорттары; • жобалық және атқарушылық құжаттама; • бұрын орындалған зерттеп-қарау, сынау және есептеу материалдары; • пайдалану жағдайлары, жөндеу, реконструкциялау және енгізілген қозғалыс шектеулері туралы мәліметтер; • жұмыстарды орындау үшін қажетті өзге де қолда бар бастапқы материалдар. 2. Бастапқы құжаттаманың бір бөлігі болмаған жағдайда Орындаушы: • тиісті материалдардың жоқтығын тіркеуге; • заттай зерттеп-қарау, аспаптық өлшеу және есептік талдау нәтижелерін пайдалануға; • жетіспейтін деректердің тұжырымдардың толықтығы мен дәлдігіне әсерін есептік материалдарда көрсетуге міндетті. 3. Жетіспейтін өлшенетін сипаттамаларды Орындаушы көзделген жұмыс көлемі шегінде заттай және аспаптық зерттеп-қарау арқылы анықтайды. Жасырын параметрлерді дұрыс анықтау мүмкін болмаған жағдайда Орындаушы шектеулерді көрсетеді, қосымша зерттеулердің қажеттілігін негіздейді және оларды орындау тәртібін Тапсырыс берушімен келіседі. Болжамды сипаттамаларды нақты өлшенген сипаттамалар ретінде көрсетуге жол берілмейді. 4. Статикалық және динамикалық сынақтар, тензометриялық және діріл датчиктерімен өлшеу, сондай-ақ берілетін нәтижелердің құрамы осы техникалық ерекшеліктің 10-бөліміне сәйкес орындалады. 6. Орал қаласының көпірлері мен жолөткелдерінің электрондық картасын жасау 7. Орындаушы Орал қаласының көпірлері мен жолөткелдерінің электрондық картасын әр аудан бойынша жеке жасап, әрбір көпірдің орналасқан жерін және мынадай негізгі сәйкестендіру деректерін көрсетуге міндетті: • автомобиль жолының (көшенің) атауы; • көпірдің орналасқан жері; • орналасқан ауданы. Электрондық карта қала аудандарының әрқайсысы бойынша көпір құрылыстары мен жолөткелдерді жеке көрнекі көрсетуді қамтамасыз етуге тиіс. 7. Көпір құрылысының цифрлық ақпараттық моделін (цифрлық егізін) жасауға қойылатын талаптар Әрбір көпір құрылысын зерттеп-қарау нәтижелері бойынша Орындаушы жұмыстар орындалған күндегі құрылыстың нақты жай-күйін көрсететін және кеңістіктік деректерді, өлшеу нәтижелерін, конструкциялық элементтер, анықталған ақаулар туралы мәліметтерді және есептік сипаттамаларды біріктіретін цифрлық ақпараттық модельді (цифрлық егізді) қалыптастыруға тиіс. Цифрлық егізді жасау кезінде мыналар қамтамасыз етілуге тиіс: – әуеден лазерлік сканерлеу, геодезиялық өлшеу және фотофиксация нәтижелері бойынша көпір құрылысының кеңістіктік байланыстырылған үшөлшемді (3D) моделін құру; – аралық құрылыстардың, тіректердің, көпір төсемінің, кіреберістермен түйісулердің және зерттелген өзге де конструкциялық элементтердің нақты геометриясын көрсету; – құрылыстың негізгі элементтерін сәйкестендіру және анықталған ақаулар мен зақымдануларды олардың орналасқан жерін, ақау сипатын, өлшеу нәтижелерін және фотоматериалдарды көрсете отырып, тиісті элементтерге байланыстыру; – көпір бойынша негізгі сәйкестендіру мәліметтерін енгізу:

	автомобиль жолының, көшенің атауы, аудан, координаттар, негізгі геометриялық және конструкциялық параметрлер; – модельдің геометриялық параметрлерін заттай зерттеп-қарау деректерімен және техникалық жай-күйі мен жүк көтергіштігін бағалау нәтижелерімен салыстыру мүмкіндігі; – объективті себептермен аспаптық түсіріліммен қамтылмаған конструкция учаскелерін белгілеу, бұл ретте болжамды деректер нақты өлшенген деректер ретінде көрсетілмейді. 8. Пилотсыз авиациялық жүйені қолдануға және әуеден лазерлік сканерлеуге қойылатын талаптар Осы техникалық ерекшелікте көзделген әуеден лазерлік сканерлеу және аэрофототүсірілім жұмыстарын орындау үшін Орындаушы зерттелетін құрылыстардың кеңістіктік байланыстырылған үшөлшемді модельдерін жасауға арналған деректерді алуға мүмкіндік беретін үйлесімді лазерлік сканерлеу жабдығымен (LiDAR) және фотоматериалдар алу құралдарымен жарақтандырылған пилотсыз авиациялық жүйені (ПАЖ) қолдануға тиіс. ПАЖ пайдалану Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы заңнамасын сақтай отырып жүзеге асырылады. ПАЖ-ды есепке алу немесе тіркеу туралы құжаттарды және нақты ұшулар үшін қажетті рұқсаттарды ұсыну тәртібі шарт жасалғаннан кейін жұмыстарды орындау талаптарында белгіленген. Әуе түсірілімін бастамас бұрын Орындаушы «Әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп айқындалып, онымен шарт жасалған жағдайда оған қойылатын талаптар» бөлімінде белгіленген тәртіппен ПАЖ пайдаланудың заңдылығын растайды. Есепке қою туралы куәлік нақты ұшу үшін қажетті келісулер мен рұқсаттарды алмастырмайды. Ұшулар мен әуе түсірілім жұмыстары Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы заңнамасының талаптарын, ПАЖ пайдалану қағидаларын сақтай отырып, сондай-ақ нақты ұшу жағдайлары үшін қажетті келісулер мен рұқсаттар болған кезде орындалуға тиіс. Ұшуларды қауіпсіз ұйымдастыруды қамтамасыз ету Орындаушыға жүктеледі. Әуеден лазерлік сканерлеу материалдары геодезиялық байланыстырылып, нүктелер бұлтының конструкциялардың нақты геометриясын өлшеуге және көпірлердің цифрлық модельдерін жасауға жарамдылығы қамтамасыз етіле отырып өңделуге тиіс. 9. Цифрлық зерттеп-қарау нәтижелерінің құрамына және оларды беруге қойылатын талаптар Әрбір көпір құрылысы бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге мыналарды қамтитын цифрлық материалдардың жеке жиынтығын беруге тиіс: – әуеден лазерлік сканерлеудің кеңістіктік байланыстырылған, LAS форматында өңделген нүктелер бұлты; – кеңістіктік байланысы, элементтер сәйкестендіргіштері және байланысты деректері сақталған, Орындаушының таңдауы бойынша ашық құжатталған форматтағы үшөлшемді модель. Модель мен байланысты материалдарды қарау Тапсырыс берушінің ақылы лицензияларды сатып алуынсыз қамтамасыз етілуге тиіс. Орындаушы форматтың сипаттамасын, файлдарды ашу жөніндегі нұсқаулықты және еркін қолжетімді қарау құралы туралы мәліметтерді береді; – ақаулардың құрылыстағы орналасқан жері көрсетілген электрондық схемалар мен ақаулар тізімдемелері және тиісті фотоматериалдар; – цифрлық модель элементтерімен байланыстырылған

	құрылыстың негізгі параметрлері, зерттеп-қарау нәтижелері, техникалық жай-күйін бағалау және жүк көтергіштігін есептеу туралы деректер; – түсірілім күні, пайдаланылған координаттар жүйесі және бастапқы кеңістіктік деректерді алу құралдары туралы мәліметтер. Орал қаласының көпір құрылыстары мен жолөткелдерінің электрондық картасы әрбір зерттелген объектінің орналасқан жерін қамтуға және тиісті цифрлық материалдарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіс. Файлдар жекелеген құрылыстар бойынша ұйымдастырылып, Тапсырыс берушінің ақылы лицензияларды сатып алуынсыз қарауға мүмкіндік беретін ашық құжатталған форматтарда беріледі. Нақты бағдарламалық өнімді пайдалану талабы белгіленбейді. 10. Статикалық және динамикалық сынақтар және аспаптық тіркеу Зерттелетін көпірлер мен жолөткелдер үшін сынақтар алдын ала зерттеп-қараудан және қауіпсіз жүктеу мүмкіндігін есептік бағалаудан кейін әзірленетін жеке бағдарлама бойынша көзделеді. Бағдарлама сынақтар басталғанға дейін Тапсырыс берушімен келісіледі және сыналатын конструкциялар тізбесін, жүктеу схемалары мен кезеңдерін, сынақ жүктемесінің сипаттамаларын, өлшенетін шамаларды, өлшеу нүктелерінің орналасуын, қозғалысты шектеу тәртібін және сынақтарды тоқтату өлшемшарттарын қамтиды. Құрылыстың жай-күйіне байланысты жол берілмейтін жүктеу жүргізілмейді; себептер, шектеулер және бағалаудың баламалы әдістері қорытындыда көрсетіледі. Статикалық сынақтар кезінде көтергіш элементтердің таңдалған бақылау қималарында иілімдерді тіркеу және деформацияларды тензометриялық тіркеу, сондай-ақ бағдарламада көзделген құралдармен орын ауыстырулар мен қалдық деформацияларды өлшеу орындалады. Тензометриялық датчиктер ортақ уақыттық байланысы бар үйлесімді көпарналы тіркеу жүйесінің құрамында қолданылады. Құрылыстың жүктеме астындағы нақты жұмысын бағалауды нақтылау үшін нәтижелер құрылыстың есептік реакциясымен салыстырылады. Динамикалық сынақтар кезінде діріл датчиктерімен конструкциялардың сынақтық жылжымалы жүктемеге реакциясы тіркеледі. Тербелістердің жиіліктерін, амплитудаларын және өшуін қоса алғанда, анықталатын параметрлер, сондай-ақ қабылданған әдістеме шегіндегі динамикалық сипаттамалар бағдарламамен белгіленеді. Сынақ жүктемесінің қозғалысы, жүріп өту жылдамдықтары мен кезектілігі есептеулер мен құрылыстың қауіпсіздігін ескере отырып тағайындалады. Тензометриялық және діріл датчиктерінің саны, синхронды арналар саны, өлшеу диапазондары және тіркеу жиілігі құрылыстың схемасына, бір мезгілде бақыланатын қималар санына және өлшенетін процестерге қарай сынақ бағдарламасымен анықталады. Орындаушы деректердің толықтығы мен салыстырмалылығын қамтамасыз етуге міндетті. Жабдықтың нақты маркалары және датчиктердің бекітілген саны сатып алуға қатысу шарты ретінде белгіленбейді. Орындаушы заңнамаға және өлшеу әдістемелеріне сәйкес өлшеу жүйесінің жарамдылығын және қолданылатын өлшеу құралдарының метрологиялық қамтамасыз етілуін қамтамасыз етеді. Есепте аспаптардың типтері мен сәйкестендіру деректері, қолданылатын жағдайларда

	салыстырып тексеру немесе калибрлеу туралы мәліметтер, орнату схемалары, тіркеу параметрлері және қателікті бағалау көрсетіледі. Әрбір сыналған құрылыс бойынша сынақ бағдарламасы мен хаттамалары, нақты жүктемелер мен жүктеу режимдері туралы мәліметтер, қолжетімді кестелік форматтағы датчиктердің бастапқы жазбалары, деформациялар мен тербелістер графиктері, өңдеу және есептеумен салыстыру нәтижелері, тұжырымдар мен шектеулер беріледі. Өлшеу файлдары цифрлық модель элементтерінің сәйкестендіргіштерімен байланыстырылады. 11. Цифрлық материалдардың сапасын бақылау және жұмыстардың бірыңғай нәтижесі ПАЖ қолдана отырып әуеден лазерлік сканерлеу құрылыстың және кіреберістердің жерүсті геометриясы туралы кеңістіктік деректерді алу, фотофиксация және геодезиялық байланыстырылған модельді қалыптастыру үшін пайдаланылады. ПАЖ-дан түсірілім жерүсті өлшеулерімен және әуеден көрінбейтін элементтерді қарап-тексерумен толықтырылады. Нүктелер бұлты жарықшақтарды, материалдар беріктігін және жасырын ақауларды аспаптық өлшеуді алмастырмайды. Құрылыс пен кіреберістердің шолулық кеңістіктік моделі үшін өңделген деректерді қабылдаудың мынадай өлшемшарттары белгіленеді. Тәуелсіз бақылау өлшеулерімен орташа квадраттық алшақтық: жоспарда — 50 мм-ден аспайды, биіктік бойынша — 50 мм-ден аспайды. Жеке бақылау нүктесіндегі шекті алшақтық: жоспарда және биіктік бойынша — 100 мм-ден аспайды. Бұл көрсеткіштер шолулық модельдің геометриясына қатысты және жарықшақтардың ашылу енін, қорғаныш қабатының қалыңдығын, иілімдерді және өзге диагностикалық параметрлерді өлшеуге қолданылмайды. Геодезиялық байланыстыру бастапқы пункттер мен түрлендіру параметрлерін көрсете отырып, Тапсырыс берушімен келісілген координаттар жүйесінде және биіктіктер жүйесінде орындалады. Бастапқы геодезиялық негізге қатысты тірек және бақылау нүктелерінің координаттарын анықтаудың бағаланған орташа квадраттық қателігі — жоспарда 15 мм-ден және биіктік бойынша 15 мм-ден аспайды. Бастапқы негіздің сапасы жеткіліксіз болған жағдайда ол түсірілімге дейін нақтыланады; бастапқы пункттердің сипаттамалары мен шектеулері есепте көрсетіледі. Дәлдік әрбір құрылыс бойынша нүктелер бұлтын теңестіру және сәйкестендіру үшін пайдаланылмаған кемінде 12 тәуелсіз бақылау нүктесінде немесе бірмәнді анықталатын бақылау элементінде жеке тексеріледі. Олар құрылыстың ұзындығы мен ені бойымен, оның екі шетінде және әртүрлі биіктіктегі қолжетімді беттерде орналастырылады. X, Y, H координаттары бар нүктелер үшін $RMSE_{пл} = \sqrt{[\Sigma(\Delta X^2 + \Delta Y^2)/n]}$ және $RMSE_{выс} = \sqrt{[\Sigma \Delta H^2/n]}$, сондай-ақ жоспардағы және биіктік бойынша ең үлкен алшақтықтар есептеледі. Бұлттан бақылау элементтерін бөліп алу әдісі, олардың координаттары және барлық алшақтықтар бақылау тізімдемесінде келтіріледі. Құрылыстың түсіруге қолжетімді беттеріндегі тазартылған нүктелер бұлтының тығыздығы өлшемі 1 × 1 м бақылау алаңшаларының кемінде 95 %-ында кемінде 200 нүкте/м² болуға тиіс. Көлденең және көлбеу беттер үшін тығыздық тиісті беттегі алаңшалар бойынша бағаланады; тік беттер жеке

	тексеріледі. Қайталанған, интерполяцияланған нүктелер және шу тығыздық есебіне енгізілмейді. Толық емес шекаралық алаңшалардың өлшемі нақты ауданы бойынша есепке алынады. Есеп құрамында тығыздық картасы және талапқа сәйкес келетін алаңшалар үлесінің есебі беріледі. Зерттелетін беттер мен бақылау алаңшаларының аймақтары түсірілімге дейін бағдарламада бекітіледі. Көлеңкеленген, өсімдік жамылғысы бар, су беті учаскелері және әуе түсіріліміне қолжетімсіз аймақтар жеке схемада көрсетіледі. Зерттеп-қараудың міндетті элементтері тек әуе деректерінің болмауына байланысты алып тасталмайды: геометрия жерүсті өлшеулерімен, ақаулар тікелей зерттеп-қараумен нақтыланады. Қауіпсіз қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда бұл мән-жай тұжырымдарға әсері мен қажетті қосымша іс-шаралар көрсетіліп құжатталады. Цифрлық материалдар дәлдік, тығыздық, жиынтықтылық және файлдардың ашылуы жөніндегі талаптар бір мезгілде орындалған кезде қабылданады. Алшақтық шектері асқан немесе тығыздық жеткіліксіз болған жағдайда Орындаушы қосымша түсірілім не қайта өңдеу жүргізіп, бақылау материалдарын қайта ұсынады. Бағдарламаны келісу белгіленген өлшемшарттарды төмендетуге негіз болып табылмайды. Диагностикалық өлшеулердің дәлдігіне қойылатын талаптар қолданылатын стандарттар мен сынақ әдістемелері бойынша жеке тағайындалады. Цифрлық модель, электрондық карта, ақаулар тізімдемелері, есептеулер және қорытынды объектілер мен элементтерді сәйкестендірудің бірыңғай жүйесі негізінде қалыптастырылады. Олар бір құрылыстарды зерттеп-қараудың өзара байланысты нәтижелері болып табылады. Электрондық карта зерттелген объектіні іздеу және оның материалдарына қол жеткізу үшін қызмет етеді; бағдарламалық платформаны дербес әзірлеу және тұрақты сүйемелдеу жұмыс көлеміне кірмейді. Материалдарды беру кезінде Орындаушы файлдардың ашылуын, координаттардың көрсетілуін, геометрияны және онымен байланысты ақауларды, фотосуреттер мен есептік мәліметтерді қарауды көрсетеді; бұл операциялар үшін Тапсырыс берушінің қосымша ақылы лицензияларды сатып алуын талап етпейтін құралдар пайдаланылады. Файлдарды ашу жөніндегі нұсқаулық пен каталогтар құрылымы беріледі. Қабылдау әрбір объект бойынша жиынтықтылықты, сәйкестендіргіштердің сәйкестігін, бастапқы өлшеулердің болуын және ұсынылған нәтижелердің қайта алыну мүмкіндігін тексеруді қамтиды.

Әлеуетті өнім берушіні жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптар(қажет болған жағдайда көрсетіледі) (көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға жол берілмейді)	Шарт жасалғаннан кейін жұмыстарды орындау талаптары 1. Орындаушы техникалық ерекшелікте көзделген әуе түсірілімін орындау үшін үйлесімді лазерлік сканері (LiDAR) және фотофиксация құралдары бар ПАЖ қолдануды қамтамасыз етеді. Техниканы заңды түрде тарту тәсілін Орындаушы дербес анықтайды. Талап конкурстық өтінімде жабдыққа иелік етуді растауға емес, жұмыстарды орындау технологиясына қатысты. 2. Ұшулар басталғанға дейін Орындаушы Тапсырыс берушіге нақты пайдаланылатын ПАЖ-ды есепке қою туралы қолданыстағы куәлікті, ал мемлекеттік тіркеуге жататын ПАЖ үшін тиісті тіркеу құжатын ұсынады. Құжат пайдаланылатын жүйені сәйкестендіруге мүмкіндік беруге тиіс. Есепке алу және тіркеу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 409 бұйрығының қолданыстағы редакциясына сәйкес жүзеге асырылады. 3. Аспаптық сынақтар басталғанға дейін Орындаушы келісуге арналған бағдарламаны ұсынады және 10-бөлімге сәйкес тензометриялық және діріл датчиктерімен өлшеуді қамтамасыз етеді. Өлшеу жүйесі ауыстырылған жағдайда талап етілетін сипаттамалар мен нәтижелердің салыстырмалылығы қамтамасыз етіледі.

* мәліметтер мемлекеттік сатып алу жоспарынан алынады (автоматты түрде көрсетіледі).
Ескертпе.
1. Әрбір талап етілетін сипаттамалар, өлшемдер, бастапқы деректер және қосымша шарттар жеке жолда көрсетіледі.
2. Техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.
3. Өзге құжаттарда техникалық ерекшеліктің талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

Приложение 14
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых работ, не связанных со строительством (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Уральска»
Наименование организатора	Государственное учреждение "Отдел государственных закупок города Уральска"
Номер лота	88520763
Наименование лота:	Работы по техническому обследованию объектов недвижимого имущества
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	712019.000.000004
Наименование работы:	Работы по техническому обследованию объектов недвижимого имущества
Единица измерения:	Работа
Количество(объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	15288256.9
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	15288256.9
Срок выполнения работы:	В течение 4 месяцев с момента регистрации договора в органах казначейства
Место выполнения работы:	Западно-Казахстанская область, г.Уральск
Размер авансового платежа:	0
Гарантийный срок (в месяцах)	24

